

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті  
Карагандинский университет имени академика Е.А. Букетова  
Academician E. A. Buketov Karaganda University

**Ғылым күніне арналған физика-техникалық факультеті студенттерінің «Ғылымға  
алғашқы қадам» атты бірінші НеКонференциясының  
МАТЕРИАЛДАРЫ  
10 сәуір 2024 жыл**



**МАТЕРИАЛЫ  
Первой НеКонференции студентов физико-технического факультета «Первые шаги к  
науке» посвященной дню науки, 10 апреля 2024 год**

*Организатор и редакционная коллегия*  
Сериков Т.М.

**Ғылым күніне арналған физика-техникалық факультеті студенттерінің бірінші «Ғылымға алғашқы қадам» атты НеКонференциясы материалдары.– Қарағанды, 2024.–106 б.**

Жинақта Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінде өткізген, Ғылым күніне арналған физика-техникалық факультеті студенттерінің «Ғылымға алғашқы қадам» атты бірінші НеКонференция қатысушыларының баяндамаларының материалдары жарияланады.

***Конференция является частью учебного процесса по дисциплине «Основы научных исследований» и проводится для ознакомления обучающихся с формой проведения конференции!!!***

**Оразбай Е.К.**, академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, физика-техникалық факультеті, ФиИ-22-1к тобы, студент

**Пазылхан Р.Б.**, академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, физика-техникалық факультеті, ФиИ-22-1к тобы, студент

**Асильбеков Н.Д.**, академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, физика-техникалық факультеті, ФиИ-22-1к тобы, студент

**Зекен Р.**, академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, физика-техникалық факультеті, ФиИ-22-1к тобы, студент

*(Ғылыми жетекші- доктор PhD, қауымдастырылған профессор Сериков Т.М.)*

## КИБЕРАЛАЯҚТАР

*Кіріспе.* Интернет бізді бұрынғыдан көп ақпаратпен байланыстырғанымен, бүгінгі цифрлық дәуір алаяқтарға өздерінің алаяқтық әрекеттерін жасауды жеңілдетіп отыр. Әлеуметтік желідегі жалған хабарламалардан қаржылық шоттарға арналған құпиясөздерді алдап алуға дейін баратын алаяқтар басқа адамдардың ақшасына қол жеткізудің сансыз жолдарын тапты.

Интернет қолданушылардың санының артуына байланысты, осы қолданушылар арқылы табыс табатын алаяқтардың да саны өсуде. Желідегі алаяқтықтың қызықты ерекшелігі – оның көптеген тәсілдері ашық түрде заң бұзушылық болып табылмайтындығында және бұл жайт алаяқтарды заңмен қудалауға мүмкіндік бермейді. Осы зерттеу жұмысы интернетте ең көп тараған алаяқтықтың түрлеріне талдау жасау және олардан қорғануға арналған.



1-сурет

Интернеттегі алаяқтық 1990 жылдардың ортасында интернет пайда болғаннан кейін әлемнің түкпір-түкпірінде бірден дами бастады. Желінің дамуымен және пайдаланушылардың көбеюімен алаяқтық схемалар кең таралған және күрделі бола бастады. Интернеттегі алаяқтықтың алғашқы мысалдарының бірі-пайдаланушылардың жеке ақпаратын немесе қаржылық деректерін алу үшін банктерден немесе басқа ұйымдардан ресми сұраулар ретінде көрінетін электрондық хаттарды жіберуден тұратын фишингтік шабуыл. Алаяқтықтың бұл түрі әсіресе 2000 жылдардың басында кең таралған.



Интернеттегі алаяқтықпен күресу үкіметтердің, ұйымдардың, компаниялар мен жеке тұлғалардың бірлескен күш-жігерін талап етеді. Міне, әлемде қылмыстың осы түрімен күресудің кейбір жолдары:

1) Заңнама және құқық қолдану: Барлық елдер интернет-алаяқтықты қоса, киберқылмысты қарастыратын заңдар мен ережелерді әзірлеуде. Құқық қорғау органдары осы заңдардың орындалуын қамтамасыз етеді және Интернеттегі қылмыстық әрекеттерді анықтау және тоқтату үшін тергеу жүргізеді.

2) Халықаралық ынтымақтастық: Интернетте шекара болмағандықтан, көптеген елдер киберқылмыспен күресу үшін бір-бірімен ынтымақтасады. Бұған ақпарат алмасу, бірлескен операциялар және қылмыскерлерді экстрадициялау кіреді.

3) Технологиялық шешімдер: Интернеттегі алаяқтықты анықтау және болдырмау үшін технологияларды әзірлеу және енгізу. Бұл зиянды бағдарламаларды анықтау бағдарламалық құралын, спамды сүзгілеу жүйелерін, аутентификация мен шифрлау механизмдерін қамтиды.


4) Білім және хабардарлық: Интернеттегі алаяқтық қатерлері мен қорғау әдістері туралы пайдаланушылардың хабардарлығын арттыру. Бұған оқыту курстарын ұсыну, ақпараттық ресурстарды құру және желідегі қауіптер туралы хабардар ету науқандары кіреді.

5) Жеке сектормен ынтымақтастық: Интернеттегі алаяқтықпен күресуге көптеген компаниялар мен ұйымдар да белсенді түрде қатысып, өздерінің технологиялық және қаржылық ресурстарын қорғаудың және алаяқтықты болдырмаудың жаңа әдістерін әзірлеуге ұсынады.

6) Алаяқтыққа қарсы науқандарды жүргізу: пайдаланушыларды алаяқтық қауіп және олардың алдын алу жолдары туралы ескертуге бағытталған бұқаралық ақпараттық науқандарды өткізу.

### Интернеттегі алаяқтықтың әлемдік статистикасы

Назарларыңызға әлемдегі алаяқтықтан көш бастап тұрған елдер: Ресей мен АҚШ.



### Қазақстандағы кибералаяқтық

Осы алаяқтық бойынша жыл басынан бері 17,5 мың қылмыс тіркелген, бұл өткен жылғы көрсеткіштен 17 900 қылмысқа төмен. Алаяқтардың әрекеті нәтижесінде азаматтарға жыл басынан бері 15 млрд теңге сомасында залал келтірілді. Әлі де ең көп таралған әдіс-онлайн сауда. Алты айда 6 мыңға жуық алаяқтық жасалған. Банктер мен микрокредиттік ұйымдарда жалған онлайн қарыздарды ресімдеудің 2,8 мың фактісі тіркелген. 1400 жағдайда олар әртүрлі жобаларға тиімді ақша салу сылтауымен жасалады.

Кибершабуылдарға талдау және тергеу жүргізу орталығы биыл отандық барлық банктің өз веб-ресурстарының қауіпсіздігін қаншалықты қамтамасыз етіп отырғанын анықтаған болатын. Нәтижесінде 26 банктің 23-інің домені жаңартылмайтыны, яғни қауіпсіздіктің ықтимал қатерлері алдында осал екені әшкереленіпті. Бұдан бөлек, коммерциялық банк домендерінің тек 46%-ы ғана жоғары жылдамдықпен жүктелетіні белгілі болды. 13 банкте ақпараттың жайылып кету жағдайы орын алған. Олардың ішінде Сбербанк, Тұрғынүйқұрылысжинақ банкі, Еуразиялық банк, Хоум кредит, Банк ЦентрКредит секілді ірі банктер де бар. ЦАРКА дерегінше, аты аталған банктерде бас-аяғы 386 ақпараттың жайылып кету оқиғасы тіркелді. Толығырақ ақпаратпен мына жерде танысуға болады Бұл жайт елдегі ақпарат қауіпсіздігіне қатысты мәселені өзекті етеді.


Осы мәліметтерге сүйене отырып 2017 ж-2021ж арасындағы диаграмма.




Жынысыңыз? 🧑🏻 🧑🏼  
24 ответа




Қай аймақтансыз?  
24 ответа



Интернет алаяқтықтың қандай түрлерің білесіз?  
24 ответа




Бұл алаяқтықтар туралы сізге алдын алу салалары жүргізілді ма?  
24 ответа



Кибер алаяқтық туралы туыстарыңызға, жақын адамдарыңызға ескертіл  
жүресіз бе?

24 сәуеге



Мамандар алаяқтардың қай уақытта белсенді болатынын анықтады. 2023 жылы әлем бойынша Deepfake көмегімен жасалған алаяқтықтар саны бір жылда 31 есе, яғни 3000% өсті. Бұл туралы Onfido компаниясының (Identity Fraud Report 2024) жеке мәліметтермен байланысты алаяқтықтар туралы есебінде жазылды. Компания бұл көрсеткіштің күрт өсуін арзан әрі қарапайым онлайн құралдардың көбеюімен және генеративті жасанды интеллектің қолжетімді болуымен байланыстырып отыр. Осы орайда Deepfake арқылы жасалған суреттер мен видеоларды ажырата білу жолын ұсынамыз.

Алаяқтар қай кезде белсенді болады?

Onfido компаниясының мамандары соңғы бірнеше жылда жасанды интеллект көмегімен жасалатын алаяқтықтардың ортақ белгілері пайда болғанын айтады. Бұл ортақ белгілер қарапайым азаматтар мен үлкен кәсіпкерліктерге кибер шабуылдардан қорғануға көмектесуі мүмкін. Олар:

1) Маңызды ортақ көрсеткіштердің бірі – соңғы 5 жылда алаяқтықтың қай уақыт аралығында жиі жасалатынын анықтау мүмкін болды. Covid-19 пандемиясына дейін алаяқтар аптасына бес күн белсенді болып, демалысқа қарай жұмыс қарқынын бәсеңдететін. Ал пандемия шарықтау шегіне жеткен кезде алаяқтар шабуылы күрт өсті. Яғни алаяқтар демалыс күндері де белсенді бола бастаған. Осылайша соңғы бірнеше жылда алаяқтардың аптасына 7 күн бойы белсенді жұмыс істейтіні белгілі болды. Яғни жасанды интеллекті іске қоса отырып жасалатын алаяқтық ғаламдық өзара бір-бірімен байланысы бар "ортақ іске" айналды.

2) Сондай-ақ алаяқтықтың бұл түрі жылына бірнеше рет үдей түсетін уақыт болады. Ол – ғаламдық оқиғамен байланысты сәт. Мысалы, 2021 жылы жазда Covid-19 карантинін алып тастаған кезде немесе 2022 жылы Ресей Федерациясы Украина Республикасына басып кіргенде. Қобалжу, жағдайды дұрыс бағамдай алмау және қаржылай қауіпсіздіктің болмауы – осы үшеуі алаяқтардың белсенді бола түсуіне әсер етеді.

3) Бұдан өзге алаяқтар жыл сайын желтоқсан, маусым-тамыз айлары арасында мереке күндері мемлекет шығысының көбеюін және халықаралық сапарлар санының артуын пайдаланып қалуға тырысады. Яғни алаяқтар ақшаның соңынан жүреді және елдегі тәртіпсіздікті пайдаланады.

Алаяқтар DeepFake көмегімен не істей алады?

1) жеке тұлғаның банктегі шотына қол салып, ақша ұрлайды немесе атынан несиелік рәсімдейді;

2) қайтыс болған адамның деректерін ұрлап, оның атынан банкте онлайн операциялар жүргізеді;

3) ірі қаржы транзакциялары және несиелік байланысты күрделі алаяқтық схемаларын жүзеге асыру үшін жаңа адам "жасап шығарады";

4) танымал адамның атынан жалған видео жасап шығарып, көпшіліктен ақша ұрлайды;

- 5) суреттерді өңдеп, ақша бопсалайды;
- 6) елдер арасында араздық тудыру үшін жалған фото және видео таратады және т.б.

### Қорытынды

Алаяққа алданған танымал жандардың оқиғалары:

## Мәжіліс депутаты Мақсат Толықбай: Үйлі боламын деп үш рет алдандым

Журналист, парламент мәжілісінің депутаты Мақсат Толықбай төрт рет алданып, 27 миллион теңгесінен айырылып қалған. Оның сөзінше, алаяқтар үш рет баспана алып беремін деп жиған-терген ақшасын алып алған. Ал төртінші рет кәсіп ашамын деп жүріп тағы алаяқтарға тап **болған**.

Осыдан үш жыл бұрын Мақсат Толықбай **Instagram** парақшасында былай деп жазды:



"Өмірден түйгенім: арзан дүниеге жүгірмеңіздер! Әкең жасамаған жақсылықты ешкім жасамайды. Осы екі-ақ сөйлемнен тұратын сабақты (8 жылда 4 алаяққа алданып) 27 миллион теңгеге сатып алыпшын", – деді ол.

Мақсат Толықбай бастан кешкен оқиғасы өзгелерге сабақ болса екен дейді.

## Абайтанушы Омар Жәлел: Атақ аламын деп алдандым

Абайтанушы Омар Жәлелге "қоғам қайраткері атағына ұсынамыз" деп хабарласқан алаяқтардың арбауына түсіп қалған.



"Сізді қоғам қайраткері деген атаққа ұсынайық деп едік" – деп Алқа Шаяхмет хабарласты. "7 миллион теңге аласыз. Ешкімге айтпаңыз. Ешкім білмесін. Өзім комиссияның мүшесімін. Алла қаласа, Тәуелсіздік күнінің қарсаңында алып қаларсыз" деді "жанашыр" қарындасым. Содан ашкөздігім оянып, белгісіз бір рақат сезімі билеп, "құжат жинауға керек" деген сомасын басқа бір орыс тілді әйелдің атына аударып та жібердім", – деп жазды Омар Жәлел.

## Әнші Роза Әлқожа: Instagram парақшамды өзгертіп қайтардым

2022 жылы әнші Роза Әлқожа әлеуметтік желіде алаяқтың құрбаны бола жаздаған. Оған бейтаныс түрік азаматы Instagram парақшасына "көк белгі" алып беремін деп жазған. Әнші оған сеніп, құпиясөзін айтқан. Бірнеше ай Instagram парақшасының атауын өзгерте алмай, мүлдем басқа атпен кіруге мәжбүр болған.



"Парақшамның атын өзгерте алмай жүрдім. Түрік жігіт Instagram атынан "көк белгі" беремін деп алдап, өз атына ауыстырып алды. Менің де аңқаулығым жетеді, бүкіл құпиясөзді айттым. Солай үш ай "Yigit" деген атпен жүрдім. Парақшаны да өзіме сатпақшы еді. Ерлан деген жігіттің арқасында қайтарып алдым", – деді Роза Әлқожа.

Әнші әлеуметтік желіде ағылшынша хабарламалар жіберіп, қамқорлық танытатындарға сенбегенін айтты.

Қорытындылай келе, біз әрбір адамға алаяқтықтан сақтанып жүруді ұсынамыз. Біз осы уақытқа дейін ғаламторда алаяқтық бар дегенді естісек те, ол өзіміздің басымыздан өтпегендіктен сенбейтінбіз. Ал, зерттеу жұмысын жасай отырып көптеген өмірде болған интернеттегі алаяқтыққа байланысты болған бақытсыз жайттарға қанық болдық, яғни бүгінгі күні интернетте алданып, санын соғып қалатындар көп екен. Жоғарыда келтірілген мысалдар бұған дәлел.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. [informburo.kzhttps://ortalyq.kz/e-b-ketov-atynda-y-ara-andy-universitetinde-studentter-jini-rylysy-bastaldy/](https://informburo.kzhttps://ortalyq.kz/e-b-ketov-atynda-y-ara-andy-universitetinde-studentter-jini-rylysy-bastaldy/)
2. <https://a-abzhanova.weebly.com/uploads/2/5/7/2/25724624/>
3. <https://www.westernunion.com/kz/kk/fraudawareness/fraud-types.html#emergency-scam>

**Аметова Д.Б.**, Карагандинский университет имени академика Е.А.Букетова, физика-технический факультет, гр. ФО-22-1к, студент

**Иманов Д.Е.**, Карагандинский университет имени академика Е.А.Букетова, физика-технический факультет, гр. ФО-22-1к, студент

**Алғаева А.Б.**, Карагандинский университет имени академика Е.А.Букетова, физика-технический факультет, гр. ФО-22-1к, студент

**Сағидулла А.Б.** Карагандинский университет имени академика Е.А.Букетова, физика-технический факультет, гр. ФО-22-1к, студент



## МАЗМҰНЫ/СОДЕРЖАНИЕ

<b>Оразбай Е.К., Пазылхан Р.Б., Асылбеков Н.Д., Зекен Р. Кибералаяқтар.....</b>	<b>6</b>
<b>Аметова Д.Б., Иманов Д.Е., Алтаева А.Б., Сағидулла А.Б. Суицид среди студентов в Республике Казахстан.....</b>	<b>11</b>
<b>Бекенова.Г.К., Жалғасбаева.Ж.С., Серікжан А., Сапарова А.Б. Студенттердің жатақхана мен пәтер арасындағы таңдауы.....</b>	<b>17</b>
<b>Иманмұса Н., Әбдісерік М., Насұрлла Д., Жарова Ж. «Серпін» бағдарламасымен білім алушы студенттердің адаптация проблемалары.....</b>	<b>22</b>
<b>Саттыбай А.С., Әсілбек А.Н., Рахадыл Ә.А., Нарбева А.И., Жастардың әлеуметтік желіде уақыт өткізу статистикасы.....</b>	<b>26</b>
<b>Турысбеков А.М., Жұмаділлә Ж.Е., Орынбасар А.Т. Қазақ контенті-қоғам айнасы.....</b>	<b>30</b>
<b>Махметов М.Н, Маматова Д.Г., Женисбай А.Е., Байысова А.Б. Отношение студентов к проблеме окружающей среды.....</b>	<b>44</b>
<b>Апендина А.Қ., Нурболат Ж., Еркінбай А.Н., Орынбасар Н.Н., Қарағанды қаласының артықшылықтары мен кемшіліктері.....</b>	<b>49</b>
<b>Алшатова А.Н., Балташ Қ.Б., Турмаханова Б.К., Уалханова Ш.М. Қазақстан қалаларындағы адамдардың негізгі болмысы.....</b>	<b>54</b>
<b>Сардарова А.Ж., Файзуллаева Ж.Қ., Әскер Б.А., Амангелді А.Ж. Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің студенттері таңдаған мамандығы бойынша мәселелері.....</b>	<b>58</b>
<b>Акылбекова Н.Ж., Мейрханова Т.Қ., Аюев Е.Ж., Әбдіхалық Н.Т. Физика және нанотехнология кафедрасы студенттерінің жалғыздық деңгейі.....</b>	<b>64</b>
<b>Ергеш Б.Б, Аманкелді А.С. Қайыржан А.Қ, Илесбай Л.Қ, Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің студенттер үйінде туындаған мәселелер.....</b>	<b>70</b>
<b>Сатымжан Д.Р., Назарбаева Д.Н., Кошкинбай А.А., Ербол.А. Қазіргі студенттердің ұялы телефондарына сараптама. Ұялы телефонға студенттердің қатынасы.....</b>	<b>75</b>
<b>Қалаби Н.Б., Батырша Ф., Нуркина А.Б., Студент және жұмыс.....</b>	<b>79</b>
<b>Шмидт А., Қалдыбаева С.Ж., Зделеу Д.Е., Кумисбекова А.Т. Педагогикалық мамандыққа түсуге әсер ететін факторлар.....</b>	<b>81</b>
<b>Төлеубай Д.Ә., Ерлік Ә.Е., Сакенова Ж.К., Наурызбай А.Б. "Физика-техникалық" және "Математика және ақпараттық технологиялар" факультеттерінде студенттердің бакалавр бітіргеннен кейінгі жоспарлары.....</b>	<b>86</b>
<b>Абдиразакова Ж.К., Қазытай Ж.А., Рамазанова М.Х., Төлеутаева М.Е, Физика-техникалық факультетінің студенттерінің бір айлық орташа шығыны.....</b>	<b>92</b>
<b>Смағұл Т.Е., Ғанижан М., Мәжит Н.Н., Динахан Д. Студенттердің бос уақытын қалай тиімді өткізетінін анықтау.....</b>	<b>98</b>
<b>Итенов Д., Алмасқызы С., Бек Б. Қазіргі жастардың театр өнеріне деген көзқарасы және қызығушылығының деңгейі.....</b>	<b>104</b>